



2025-2026 оқу жылының әдістемелік кеңес жоспары

Әдістемелік кеңестің мақсаты – мектепке дейінгі ұйым педагогтарының кәсіби құзыреттілігін арттыру, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруға бағыт-бағдар беру және инновациялық педагогикалық тәжірибелерді енгізу.

Әдістемелік кеңестің басты міндеттері:

- Жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын ұйымдастыру;
- Педагогтардың кәсіби шеберлігін жетілдіру, тәжірибе алмасу алаңын құру;
- Оқу-тәрбие құжаттарын жүйелеу және заманауи талаптарға сай жүргізу;
- Цифрлық трансформация, инновациялық технологиялар мен ЖИ (AI) құралдарын енгізуді үйлестіру;
- Балалардың дамуын, бейімделуін, қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолдарын қарастыру;
- Ата-аналармен тиімді ынтымақтастық пен серіктестікті нығайту.

№	Тақырыптары	Мерзімі	Жауапты
1	<p>№1 отырыс "Мектепке дейінгі білім беруде цифрлық трансформация: жаңа оқу жылына дайындық" 1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарын цифрлық форматта толтыру:</p> <ul style="list-style-type: none"> • перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг; • өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау; • электронды портфолио жинақтау. <p>2. Өзара ҰІӨ-ге қатысу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуінің факторы. 3. Жаңадан келген балалардың бейімделуін онлайн және оффлайн әдістермен ұйымдастыру. 4. Ата-аналармен цифрлық байланыс (чат-боттар, мобильді қосымшалар). 5. Мектепке дейінгі мекемеде жасанды интеллект технологияларын қолдану жолдары. 6. Ағымдағы мәселелер.</p>	Қыркүйек	Әдіскер
2	<p>Тақырыбы: "Шағын орталықта оқу-тәрбие процесінде цифрлық және интерактивті технологияларды енгізу" Мақсаты: педагогикалық ұжымның жұмысындағы жетістіктер мен кемшіліктерді анықтап, оларды түзету жолдарын цифрлық құралдар арқылы</p>	Қараша	Әдіскер, тәрбиешілер, педагогтар

	<p>белгілеу.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімі туралы. 2. Педагогтардың шығармашылық тақырыптары бойынша цифрлық жобалар таныстыруы. 3. Ата-ана мен бөбекжай арасындағы қарым-қатынасты онлайн платформалар арқылы нығайту. 		
3	<p>Тақырыбы: <i>"Этномәдениет пен заманауи технологияны ұштастыру: балалардың ой-өрісін дамыту"</i></p> <p>Мақсаты: Халық қазынасын және этнопедагогика элементтерін заманауи цифрлық құралдармен біріктіріп, балалардың дүниетанымын кеңейту.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Балалардың ой-өрісін этномәдениет пен мультимедиалық технология арқылы дамыту» тәжірибесі. 2. 2025–2026 оқу жылы I жартыжылдықтағы негізгі құзыреттіліктердің қалыптасуына талдау (диагностика). 3. Әртүрлі мәселелер. 	қаңтар	Әдіскер, тәрбиешілер, педагогтар
4	<p>Тақырыбы: <i>"Цифрлық педагогика және оқу жылының қорытындысы"</i></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімі туралы. 2. Педагогтардың жыл бойы атқарған жұмыстары бойынша есеп (электронды форматта). 3. Мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуына талдау (диагностика). 4. Мамандардың жұмысын талдау. 5. Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау. 6. Тәлімгерлердің жұмысы бойынша есеп. 7. Жазғы сауықтыру іс-шараларын бекіту. 	мамыр	Әдіскер, тәрбиешілер, педагогтар

№1 әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Өткізілген күні: 2025 ж. қыркүйек айы

Қатысқандар: Директор, әдіскер, педагогтер

Күн тәртібі:

1. Жаңа оқу жылындағы мақсаттар мен міндеттерді нақтылау
2. Оқу бағдарламасындағы өзгерістермен таныстыру
3. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жолдарын айқындау, «Адал азамат», «Бір тұтас тәрбие» бағдарламасының құндылықтарын іс-шараларда интеграциялау

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша Әдіскер Калдыбаева Р.Ж «Темирлан» жекеменшік шағын орталығының міндетімен таныстырып өтті. 2025–2026 оқу жылындағы әдістемелік қызметтің негізгі бағыттарын таныстырды. Жаңа оқу жылына арналған мақсаттар мен міндеттер нақтыланды. Үлгілік оқу жоспары мен бағдарламадағы өзгерістер түсіндірілді. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жолдары қарастырылды. «Адал азамат», «Біртұтас тәрбие», бағдарламасының құндылықтарын барлық іс-шараларда интеграциялау қажеттілігі айтылды.

Екінші мәселе бойынша Әдіскер Калдыбаева Р.Ж Жаңа оқу жылында Қазақстан Республикасының заңнамасына, Мемлекет басшысының және Үкіметтің тапсырмаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған жаңартылған тұжырымдамасының негізгі білім беру саласының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде жұмыстың мынадай бағыттары өзектендірілді: МДҰ мен жалпы білім беретін мектептерде, лицейлер мен гимназияларда мектепалды сыныптарда балалардың қауіпсіз болуын қамтамасыз ету; тәрбие мен оқыту басқа тілде жүргізілетін мектепке дейінгі ұйымдарда «Тілге бойлау» бағдарламасын жаппай іске асыру;

Үшінші мәселе бойынша бөбекжай директоры Есиркепова Т.Б 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік қызметтің басым бағыттары бөбекжайдағы тәрбие-білім беру процесінің мазмұнын жетілдіруге бағытталды. Жаңа оқу жылының басты мақсаты – балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және «Адал азамат» біртұтас тәрбие

бағдарламасының қағидаларын оқу-тәрбие іс-әрекеттеріне кіріктіру болып табылады деді.

Жиналыста педагогтер оқу бағдарламасындағы өзгерістермен танысып, жаңа әдістемелік тәсілдерді қолдану жолдарын талқылады. Сонымен қатар, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда әділдікке, еңбекқорлыққа, бірлік пен ынтымаққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу міндеті қойылды. «Адал азамат» бағдарламасын жүзеге асыру әрбір іс-шарада көрініс табуы тиіс: ойындарда, мерекелерде, экологиялық, ұлттық, спорттық бағыттағы жұмыстарда балаларға құндылықтарды тәжірибе арқылы үйрету көзделді. Әдіскер жыл бойы педагогтердің жұмысын бақылап, қолдау көрсетіп, ай сайын талдау жүргізуді міндетіне алды. Бұл бағыттағы жұмыстар балалардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға және болашаққа адал, әділетті, елін сүйетін азамат тәрбиелеуге ықпал ететін болады деді.

Шешім:

1. Педагогтерді жаңа оқу жылындағы мақсат-міндеттермен толық таныстырылсын
2. Оқу бағдарламасындағы өзгерістерді іс жүзінде қолдануды қамтамасыз етілсін.
3. «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтарын (әділдік, еңбекқорлық, бірлік, отансүйгіштік) оқу-тәрбие процесінде міндетті түрде пайдаланылсын..

Әдістемелік кеңес төрайымы: _____ Р.Ж.Калдыбаева

Хатшы: _____ Г.Д.Базарбаева

№2 Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Тақырыбы: Шағын орталықтың оқу-тәрбие процесінде цифрлық және интерактивті технологияларды енгізу»

Өткізілген күні: 2025 ж. қараша айы

Өткізілген орны: Балабақша әдістемелік кеңес бөлмесі

Қатысқандар: Әдіскер, тәрбиешілер,

Мақсаты:

Педагогикалық ұжымның жұмысындағы жетістіктер мен кемшіліктерді анықтап, оларды түзету жолдарын цифрлық құралдар арқылы белгілеу.

КҮН ТӘРТІБІ:

ткен әдістемелік кеңестің шешімі туралы.

педагогтардың шығармашылық тақырыптары бойынша цифрлық жобалар таныстыруы.

Әдістемелік құрал жазуда қандай нейрожелі түрлерін қолданамын?» талқылау.

вторлық бағдарламаны сараптамадан өткізу тәртібі туралы

Тыңдалды:

1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімі туралы

Сөйлеген: Әдіскер Калдыбаева Р.Ж. өткен кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысын талдады. Педагогтардың цифрлық форматта құжат жүргізу, перспективалық жоспар, циклограмма және мониторингті электронды түрде толтыру жұмыстарының жүйеленіп келе жатқаны атап өтілді. Сондай-ақ электронды портфолио жинақтауда белсенділік танытқан педагогтар атап өтілді.

Жаңадан келген балаларды бейімдеу жұмыстары онлайн және оффлайн әдістермен қатар жүргізілгені айтылды.

2. Педагогтардың шығармашылық тақырыптары бойынша цифрлық жобалар таныстыруы

Сөйлеген: Тәрбиешілер, педагог-психолог.

Педагогтар өздерінің жұмыс бағыттарына байланысты қолданатын цифрлық және интерактивті технологиялармен бөлісті:

Педагог	Тақырыбы	Қолданған цифрлық құрал	Нәтижесі
Тәрбиеші	«Тіл дамытуда суретті		Балалардың сөздік

Педагог	Тақырыбы	Қолданған цифрлық құрал	Нәтижесі
	AR қолдану»		қоры мен қиялы дамыды
Психолог	«Эмоциялық жай-күйді бақылау»		Бейімдеу кезеңі жеңілдеді

Барлық педагогтар цифрлық құралдардың балалардың оқу мотивациясын арттыратынын атап өтті.

3. «Әдістемелік құрал жазуда қандай нейрожелі түрлерін қолданамын?»

Сөйлеген: бөбекжай әдіскері Р.Ж.Калдыбаева

Әдіскер Р.Ж.Калдыбаева педагогтардың авторлық әдістемелік құрал, бағдарламалар, циклограммалар мен педагогикалық жобалар әзірлеу барысында нейрожелі технологияларын тиімді қолдану мүмкіндіктерін түсіндірді. Нейрожелілерді пайдалану педагогтың уақытын үнемдеуге, материалдың құрылымын жүйелеуге, мәтін сапасын арттыруға, сондай-ақ көрнекілік және интерактив элементтерді жылдам әзірлеуге мүмкіндік беретіні атап өтілді.

Әдіскер әрбір педагогтың цифрлық сауаттылығын арттыру маңызды екенін және нейрожелілерді педагогикалық мақсатқа сай саналы қолдану қажет екенін ерекше атап өтті.

Құрал	Қолдану мақсаты	Мүмкіндіктері
	Мәтін құрылымдау, әдістемелік бөлімдер жазу, талдау жасау	Тақырыптық жоспар, кіріспе, қорытынды, әдістемелік нұсқаулықтарды автоматты құрастырады; баланың жас ерекшелігіне сай мазмұн дайындайды
	Мәтінді ғылыми тілге келтіру, әдеби редакциялау	Авторлық стильді сақтай отырып, мәтінді сауатты, түсінікті және әдістемелік талаптарға сай қалыпқа келтіреді
	Титул бет, инфографика, презентация, кесте әзірлеу	Дизайнды тез және сапалы дайындауға мүмкіндік береді; әдістемелік материалдарды көрнекі етеді
	Балаларға арналған иллюстрация, көрнекілік материалдар әзірлеу	Қазақы нақыштағы, мультстильдегі, эмоциялық түрде қабылдауға жеңіл авторлық суреттер жасайды
	Қысқа мультфильмдер,	Сабәқ барысын эмоционалды-

Құрал	Қолдану мақсаты	Мүмкіндіктері
	бейне-презентациялар, анимациялық оқиғалар құрастыру	коммуникативтік тұрғыда қолдайды; баланың қызығушылығын арттырады

Әдіскер Раушан Жанадиловна нейрожеліні тек көмекші құрал ретінде қарастыру керектігін, дайын ақпаратты толық күйінде қабылдамай, педагог тарапынан мазмұндық сүзгіден өткізу, бейімдеу және педагогикалық талаптарға сәйкестендіру керектігін атап өтті.

Сонымен бірге авторлық әдістемелік материал дайындау кезінде:

- әдеп нормаларын сақтау,
- ақпараттың дұрыстығын тексеру,
- баланың жас ерекшелігіне сәйкес бейімдеу,
- ұлттық құндылықтар контекстін сақтау қажеттігі ескертілді.

Қорытынды ұсыныс:

Педагогтарға ай сайын цифрлық шеберлік сағаты ұйымдастырылып, нейрожеліні қолдану бойынша тәжірибе алмасу жүргізілсін.

Нейрожелі құралдарын мақсатқа сай, саналы және педагогикалық талаптарға сәйкес қолдану ұсынылды.

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

педагогтар әдістемелік құрал және авторлық бағдарламалар әзірлеу барысында цифрлық және нейрожелі технологияларын мақсатты қолдансын.

әдістемелік құрал жазуда ChatGPT, Claude, Canva AI, Midjourney, Veo 3 секілді нейрожелі құралдарын педагогикалық талапқа сәйкестендіре отырып қолдану ұсынылсын.

вторлық бағдарламалар мен әдістемелік құралдарды сараптамаға ұсыну және бекіту тәртібін сақтау міндеттелсін.

діскер педагогтарға ай сайын цифрлық шеберлік (Digital Skills) консультациясын ұйымдастырсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы: _____ Р.Ж.Калдыбаева

Хатшы: _____ Г.Д.Базарбаева

№3 Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Тақырыбы: "Этномәдениет пен заманауи технологияны ұштастыру: балалардың ой-өрісін дамыту"

Мақсаты: Халық қазынасын және этнопедагогика элементтерін заманауи цифрлық құралдармен біріктіріп, балалардың дүниетанымын кеңейту.

Өткізілген күні: 2026 ж. 15 қаңтар

Өткізілген орны: Балабақша әдістемелік кеңес бөлмесі

Қатысқандар: Әдіскер, тәрбиешілер, педагог-психолог, музыка жетекшісі, логопед, дене шынықтыру нұсқаушысы

КҮН ТӘРТІБІ:

Этномәдениет пен заманауи технологияны ұштастыру: балалардың ой-өрісін дамыту» тақырыбындағы тәжірибе туралы баяндама.

025–2026 оқу жылының I жартыжылдығындағы негізгі құзыреттіліктердің қалыптасуына талдау (мониторинг).
ртүрлі мәселелер.

Тындалды:

Тақырыбы: «Балалардың ой-өрісін этномәдениет пен мультимедиалық технология арқылы дамыту»

Сөз сойлеген тәрбиеші Ешпанова А.Х өз сөзінде мектеп жасына дейінгі балалардың ой-өрісін дамытуда этномәдениет элементтері мен заманауи мультимедиалық технологияларды ұштастырудың маңыздылығына тоқталды. Ұлттық ойындар, мақал-мәтелдер, салт-дәстүрлер цифрлық форматта (интерактивті тақта, презентация, мультимедиалық ойындар, квесттер) ұсынылып, балалардың танымдық қызығушылығы мен белсенділігін арттыратыны атап өтілді.

Тәжірибе барысында ұлттық мазмұндағы цифрлық ойындар, интерактивті тапсырмалар, мультимедиалық көрсетілімдер қолданылып, олардың

балалардың логикалық ойлауына, сөздік қорына, салыстыру және қорытынды жасау қабілеттеріне оң әсер еткені айтылды.

Сөз сөйлегендер:

Тәрбиеші Нуашабаева Ж.Н тәжірибенің өзектілігін атап өтіп, этномәдени мазмұнды заманауи форматта ұсынудың балалар үшін түсінікті әрі қызықты болатынын айтты.

2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

2025–2026 оқу жылының I жартыжылдығындағы негізгі құзыреттіліктердің қалыптасуына талдау (диагностика)

Әдіскер Р.Ж.Калдыбаева балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейіне жүргізілген диагностика нәтижелеріне қысқаша тоқталды.

Диагностикалық жұмыстар балалардың танымдық белсенділігін, қарым-қатынас дағдыларын, ойлау қабілетін, ұлттық құндылықтарды меңгеру деңгейін анықтауға бағытталғаны айтылды.

Бұл мәселе бойынша жиынтық есеп (диаграмма, кесте, салыстырмалы талдау) қосымша ретінде ұсынылады.

3-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Әртүрлі мәселелер

1) Әдістемелік құралдарды толықтыру мәселесі

Тәрбиеші Елеуова Е.К этно мәдени бағыттағы әдістемелік құралдардың қажеттілігі туралы пікір білдірді. Ұлттық мазмұндағы ойындар, тапсырмалар, квесттер қорын толықтыру ұсынылды.

Ұсыныс:

– Әр тәрбиеші өз тәжірибесінен 1 цифрлық ойын немесе тапсырма әзірлеу.

Педагогтар мультимедиалық құралдарды қолдану барысында кездесетін қиындықтар мен тиімді тәсілдер туралы пікір алмасты. Баланың белсенді қатысуын қамтамасыз ету жолдары талқыланды.

Циклограмманы толтыру кезінде уақытты дұрыс бөлу, күн тәртібімен сәйкестендіру мәселелері көтерілді.

Талқылау нәтижесі:

– Циклограмма баланың жас ерекшелігі мен күн тәртібін ескере отырып құрылуы тиіс; – Артық жүктемеден сақтану қажет.

Күн тәртібін қатаң сақтау баланың психологиялық және физикалық саулығы үшін маңызды екені атап өтілді. Оқу қызметі барысында және серуен кезінде **баланың қауіпсіздігі басты назарда болуы тиіс** екені ерекше ескерілді.

Ұсыныстар:

- Қауіпсіздік ережелерін жүйелі түрде қайталау;
- Интерактивті құралдарды қолдануда қауіпсіздік талаптарын сақтау;
- Баланың денсаулығын қорғауды бірінші орынға қою.

Кеңес барысында көтерілген мәселелер педагогикалық үдерістің сапасын арттыруға бағытталды. Этномәдениет пен заманауи технологияны ұштастыру балалардың ой-өрісін дамытуда тиімді нәтиже беретіндігі атап өтілді.

Әдістемелік кеңес отырысында күн тәртібіне қойылған мәселелер жан-жақты талқыланып, балалардың ой-өрісін дамытуда этномәдениет пен заманауи технологияны ұштастырудың тиімділігі атап өтілді. Педагогикалық ұжымның ұсыныстары мен пікірлері ескерілді.

Қаулы:

алалардың ой-өрісін дамыту мақсатында этномәдени мазмұндағы оқу қызметін заманауи мультимедиалық технологиялармен ұштастыра отырып жүйелі түрде ұйымдастыру жалғастырылсын.

лттық ойындар, мақал-мәтелдер, салт-дәстүрлер негізінде әзірленген цифрлық ойындар мен интерактивті тапсырмаларды оқу-тәрбие үдерісінде кеңінен қолдану ұсынылсын.

едагогтар тарапынан қолданылатын мультимедиалық құралдарды мақсатқа сай, баланың жас ерекшелігі мен психологиялық мүмкіндіктерін ескере отырып пайдалану қамтамасыз етілсін.

дістемелік құралдар мен дидактикалық материалдарды толықтыру жұмыстары жалғастырылып, этномәдени бағыттағы авторлық материалдар қорын қалыптастыру ұсынылсын.

сы қаулының орындалуын бақылау әдіскерге жүктелсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы: _____ Р.Ж.Калдыбаева

Хатшы: _____ Г.Д.Базарбаева

№5 Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Өткізілген күні: 2026 ж. 27 мамыр

Өткізілген орны: Балабақша әдістемелік кеңес бөлмесі

Қатысқандар: Әдіскер, тәрбиешілер

Тақырыбы: «Цифрлық педагогика және оқу жылының қорытындысы»

Күн тәртібі:

1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімі туралы.
2. Педагогтардың жыл бойы атқарған жұмыстары бойынша есеп (электронды форматта).
3. Мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуына талдау (диагностика).
4. Мамандардың жұмысын талдау.
5. Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау.
6. Тәлімгерлердің жұмысы бойынша есеп.
7. Жазғы сауықтыру іс-шараларын бекіту.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Әдіскер Раушан Жанадилловна өткен әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат берді. Барлық жоспарланған іс-шаралардың уақытылы орындалғанын атап өтті.

Қаулы :

Өткен әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.

2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Педагогтер оқу жылы ішінде атқарған жұмыстары бойынша электронды форматтағы есептерін ұсынды. Есептерде білім беру қызметінің сапасы, инновациялық технологияларды қолдану, кәсіби даму және ата-аналармен жұмыс нәтижелері көрсетілді.

Қаулы:

Педагогтердің жылдық есептері қабылдансын және жаңа оқу жылына арналған жоспарлауда ескерілсін.

3-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Әдіскер Раушан Жанадиловна мамыр айында жүргізілген диагностика нәтижелерін таныстырды. Балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейлері талданып, оң нәтижелер мен жетілдіруді қажет ететін бағыттар анықталды.

Қаулы:

Диагностика нәтижелері назарға алынсын. Педагогтерге анықталған олқылықтарды түзету бойынша ұсыныстар берілсін.

4-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Логопед ,ағылшын пән мұғалімі өз жұмыстарын қорытындылап, жыл бойғы жетістіктер мен алдағы міндеттерді таныстырды.

Қаулы:

Мамандардың жұмысы қанағаттанарлық деп бағалансын. Ұсыныстар келесі оқу жылының жоспарына енгізілсін.

5-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Аттестациядан өтуге ниет білдірген педагогтердің өтініштері қаралды.

Қаулы:

Өтініштер қабылдансын және құжаттар белгіленген тәртіппен рәсімделсін.

6-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Тәлімгер педагогтер жас мамандармен жүргізілген жұмыстар туралы есеп берді. Тәлімгерлік қызметтің тиімділігі атап өтілді.

Қаулы:

Тәлімгерлердің жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын. Жұмыс тәжірибесі жаңа оқу жылында жалғастырылсын.

7-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Әдіскер жазғы сауықтыру кезеңіне арналған іс-шаралар жоспарын таныстырды.

Қаулы:

Жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспары бекітілсін. Барлық педагогтер мен мамандардың жоспарды сапалы орындауы қамтамасыз етілсін.

Қаулы:

1. Оқу жылының қорытындылары қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Цифрлық педагогика бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.
3. Балалардың құзыреттіліктерін дамыту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілсін.
4. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру жұмыстары жоспарға сәйкес ұйымдастырылсын.
5. Жазғы сауықтыру жоспары бекітіліп, орындалуы бақылауға алынсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы: _____ Р.Ж.Калдыбаева

Хатшы: _____ Г.Д.Базарбаева